

Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 115 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 3 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1561. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 134 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 134 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қ а р а н ы з) .

Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы
Қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесі бекітілсін және Ереже мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін
к ү ш і н е е н г і з і л с і н .

2. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Мәженова Б.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу
ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі
б а н к т е р г е ж і б е р с і н .

3. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесін бекіту туралы" 1997 жылғы 23 мамырдағы N 206 қаулысының ;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесін бекіту туралы" 1997 жылғы 23 мамырдағы N 206 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында

валюта операцияларын жүргізу ережесінің күші жойылды деп танылсын.

4. Халықаралық қатынас және жұртшылықпен байланыс басқармасы (Мартюшев Ю.А.) осы қаулыны және Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к і

Төрағасы

К е л і с і л г е н :

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі

Қазақстан Республикасының
К е д е н м и н и с т р л і г і

2001 жылғы 2001 жылғы

Қазақстан Республикасының
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2001 жылғы 20 с ә у і р д е г і N 115
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесі

Осы Ереже " Валюталық реттеу туралы " және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жасалды, ол валюта операцияларын жүргізу тәртібін айқындайды және валюталық бақылауды жүзеге асырудың негізгі принциптерін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының аумағында резиденттер мен резидент еместер жүргізетін валюта операциялары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар (бұдан әрі - уәкілетті банктер) арқылы жүзеге асырылады.

2. Резиденттер мен резидент еместер уәкілетті банктердегі банктік есепшоттарды Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен ашады, жүргізеді және жабады.

3. Резидент және/немесе резидент емес валюта операцияларын жүзеге асырған кезде уәкілетті банкке Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес ұсынылатын талап етілген құжаттарды беруге міндетті. Осы Ережеде және Ұлттық Банктің басқа да нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, резидент және/немесе резидент емес мұндай

құжаттарды бермесе, уәкілетті банк олардың төлемдерін немесе ақша аударымын жүзеге асыруға құқылы емес.

Резиденттің пайдасына ақша түскен кезде уәкілетті банк валюта заңдарына сәйкес талап етілетін құжаттарды резидент ұсынғанға дейін жіберушіден алынған нұсқауды қабылдауға және 180 күнтізбелік күн ішінде сақтауы қажет. Резидент талап етілетін құжаттарды 180 күнтізбелік күн ішінде ұсынбаған жағдайда уәкілетті банк нұсқауды оны жіберушіге орындамай қайтаруы қажет.

Ескерту: 3-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен.

4. Резидент Ұлттық Банктің лицензиясының және/немесе тіркеу куәлігінің болуы талап етілетін валюта операциялары бойынша төлем жасаған және/немесе ақша аударған кезде, резидент уәкілетті банкке осындай лицензияның және/немесе тіркеу куәлігінің түпнұсқалары мен нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынуға міндетті. Берілген құжаттар тексерілгеннен кейін, олардың көшірмелері уәкілетті банкте қалады, ал түпнұсқалары резидентке қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген валюта операцияларын жүргізуден алынған ақша резиденттің пайдасына түскен кезде уәкілетті банк резидентке Ұлттық Банктің лицензиясын және/немесе тіркеу куәлігін ұсыну қажеттігі туралы хабарлайды және резиденттің банктік шотына түскен ақшаны Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осындай құжаттарды ұсынғаннан кейін ғана есепке алады.

Резидент Ұлттық Банктің тиісті лицензиясын алған экспорт-импорт мәмілелеріне байланысты валюталық операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған ақша резиденттің пайдасына түскен кезде осындай лицензияда көрсетілген мерзім біткеннен кейін, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жөнінде Ұлттық Банктің хатын оларға ұсынғаннан кейін ғана уәкілетті банк клиенттің банктік шотына ақша есептейді.

Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен.

5. Ұлттық Банк лицензиясының болуы талап етілетін капитал қозғалысымен байланысты операциялар бойынша төлемдер мен ақша аударымдары тиісті түрде валюталық бақылау жасау міндеті жүктелетін бір уәкілетті банк арқылы өткізілуге тиіс. Уәкілетті банк өзгерген жағдайда резидент мәмілені орындауға және валюталық бақылауға қабылдаған бұрынғы банкке бұл жөнінде хабарлауға міндетті. Мәмілені орындауға және валюталық бақылауға қабылдаған бұрынғы уәкілетті банк мәмілені орындауды және валюталық бақылауды басқа уәкілетті банкке бергені туралы лицензияның түпнұсқасына тиісті жазбалар жасауға, сонымен бірге оның толық атауын көрсетуге міндетті. Мұндайда валюталық бақылауды басқа банкке берген уәкілетті банк сонымен бір уақытта осы банкке

бұрынғы жасалған барлық төлемдер мен ақша аударымдары және/немесе тауар жеткізу, жұмыс, қызмет көрсету (олар болған жағдайда) туралы мәліметтер жіберуге міндетті.

6. Резиденттер арасындағы операциялар бойынша барлық төлемдер мен ақша аударымдары осы Ережеде, Ұлттық Банктің басқа да нормативтік құқықтық актілерінде, салық және кеден заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ғана жүргізілуге тиіс.

Уәкілетті банктер резиденттердің және/немесе резидент еместердің валюталық операциялар жүргізу жөнінде банктік қызметке ақыны тараптардың келісуі арқылы ұлттық валютамен немесе шетел валютасымен алады.

Резиденттер арасында жасалған шарттар бойынша, оның ішінде банктік қызмет көрсету көзделген шарттар бойынша тұрақсыздық айыппұлдары (айыппұлдар, өсімпұлдар) ұлттық валютамен төленеді.

Шетел валютасымен шығарылған бағалы қағаздарға сыйақы төлеуге және/немесе өтеуге байланысты операциялар бойынша резиденттер арасындағы төлемдер мен ақша аударымдары шетел мемлекеттерінің заңдарына сәйкес шетел валютасында жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту: 6-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

6-1. Экспорт-импорт мәмілелерін жүзеге асыруға байланысты комиссиялардың шарттары бойынша резиденттер арасындағы төлемдер мен ақша аударымдары ақы төлеу нысаны ретінде аударым аккредитивтерін пайдаланған кезде шетел валютасында жүзеге асырылуы мүмкін.

Уәкілетті банктер импорт мәмілелерін жүзеге асыруға байланысты резиденттер арасындағы комиссиялардың шарттары бойынша резидент еместің пайдасына аккредитив аударымдарын қарастыратын резиденттердің пайдасына шетел валютасында аударым аккредитивтерін ашуға құқылы.

Ескерту: 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

7. Уәкілетті банктер валюталық құндылықтарды резиденттерге және резидент еместерге шетел валютасымен және ұлттық валютамен кредиттер беру үшін кепіл ретінде қабылдай алады.

8. Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынысы бойынша шетелдік инвестор және мемлекет уәкілеттік берген заңды тұлға немесе мемлекеттік орган құрған резиденттерге - заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес аса маңызды инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін баламасы 100 миллион АҚШ долларынан кем болмайтын сомаға рұқсат беруге, Қазақстан Республикасының резиденттері мен операциялардың жекелеген түрлерін шетел валютасымен жүргізуге құқылы.

9. Төлем карточкаларын пайдалана отырып валюта операцияларын жүргізу тәртібі осындай қатынастарды реттейтін Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

9-1. Резиденттер шетел валютасында көрсетілген вексельдерді резидент еместермен операциялар бойынша шығаруға, сондай-ақ резиденттермен және резидент еместермен операциялар бойынша шетел валютасында көрсетілген вексельдерді беру арқылы есеп айырысуларды жүзеге асыруға құқылы. Мұндайда резиденттер арасындағы шетел валютасында көрсетілген вексельдер бойынша төлем тек қана ұлттық валютада төлем күніне, вексельдің өзінде басқа бағам көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген валюта айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту: 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

2. Резиденттер мен резидент еместер арасындағы валюта операциялары

10. Резиденттер мен резидент еместер арасындағы операциялар бойынша төлемдер мен ақша аударымдары тараптардың келісімі бойынша кез келген валютамен жүзеге асырылады. Резиденттер мен резидент еместер арасындағы операциялар бойынша төлемдер мен ақша аударымдары Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың банктік есепшоттары арқылы ғана жүзеге асырылады.

11. Уәкілетті банктер арқылы жүзеге асырылатын резиденттер мен резидент еместердің ағымдағы валюта операциялары Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес шектеусіз жүргізіледі.

Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсету) экспорты/импорты бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға байланысты ағымдағы валюта операциялары бойынша төлемді жүзеге асыру күні мен тауарлар (жұмыс, қызмет көрсету) экспорты/импорты күні арасындағы мерзім 180 күнтізбелік күннен асатын болса, онда осындай операциялар капитал қозғалысына байланысты валюта операциялары болып есептеледі және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен Ұлттық Банкте лицензиялауға немесе тіркеуге ж а т а д ы .

Мұндайда валюталық реттеу мақсаттары үшін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетудің) экспорт/импорт күні Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетуді нақты орындау) кедендік ресімдеу күні, ал Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлар өткізуді қарастырмайтын және Қазақстан Республикасында тиісті кедендік ресімдеуді қажет етпейтін шарттар бойынша шарттың талаптарына сәйкес тауар өткізу күні б о л ы п е с е п т е л е д і .

Тараптардың бірі басқа тарап міндеттемесін орындағаннан кейін 180 күнтізбелік күн ішінде міндеттемелерін орындамаса, кредитті алуға немесе беруге байланысты ағымдағы валюта операциялары капитал қозғалысына байланысты валюта операциялары болып есептеледі және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен Ұлттық Банкте лицензиялауға немесе тіркеуге жатады.

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

12. Резидент еместер мен резиденттер немесе резидент еместер арасында жасалған шарттарға үшінші резидент тұлғалардың шетел валютасымен немесе ұлттық валютамен ақы төлеуіне төлем жасалатын және/немесе ақша аударылатын тұлғаның және жоғарыда аталған үшінші резидент тұлғаның арасында жасалған тиісті шарт болған жағдайда рұқсат беріледі.

13. Ұлттық Банктің лицензиясының болуы талап етілетін валюта операцияларын жүргізген жағдайда резидент - үшінші тұлға уәкілетті банкке төлем жасалатын және/немесе ақша аударылатын мәмілеге қатысушы резидент алған осындай лицензияның нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті. Төлем жасалғаннан кейін және/немесе ақша аударылғаннан кейін осы операцияны жүргізген уәкілетті банк үш жұмыс күні ішінде төлем жасалған және /немесе ақша аударылғаны туралы ақпаратты Ұлттық Банктің лицензиясында көрсетілген мәмілеге қатысушы резиденттің банкіне жіберуге міндетті. Ұлттық Банктің лицензиясында көрсетілген мәмілеге қатысушы резиденттің банкі осындай лицензия бойынша жасалған төлемдердің және/немесе ақша аударымдарының жалпы сомасына бақылау жасайды және олардың сомасы лицензияда көрсетілген сомадан асып кеткен жағдайда мұндай фактілер жөнінде Ұлттық Банкке хабарлайды.

3. Уәкілетті банктердің резидент заңды тұлғалардың валюта операцияларын жүргізуі

14. Резидент заңды тұлғалар валюта операцияларын жүргізу үшін уәкілетті банктерде банктік есепшоттар ашуға міндетті.

14-1. Баламасы он мың АҚШ долларынан аспайтын сомадағы тауар экспортына байланысты мәмілелер бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде резидент заңды тұлға алған экспорттық валюта түсімдерін уәкілетті банктегі банктік шотқа есептеуге рұқсат етіледі. Сонымен бірге бір күнтізбелік ай ішінде бір уәкілетті банктегі банктік шотқа есептелген сома баламасы он мың АҚШ долларынан аспауы тиіс. Резидент заңды тұлға уәкілетті банктегі өзінің банктік шотына қолма-қол шетел валютасын есептеу үшін Қазақстан Республикасынан резидент заңды тұлға әкеткен және Қазақстан Республикасына ол әкелген қолма-қол ақшаны растайтын кедендік құжаттарды ұсынуы қажет.

Ескерту: 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

15. Резидент заңды тұлғалардың уәкілетті банктердегі банктік есепшоттарына Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген тәртіппен түскен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған операциялар жүргізу нәтижесінде алынған шетел және ұлттық валютасы шектеусіз осы Ережеде көзделген тәртіппен есепке алынады.

Ескерту: 15-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

16. Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетудің) экспортына ақы төлеу ретінде резидент заңды тұлға алатын валютаны резиденттер алуға тиіс және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес резидент заңды тұлға алған Ұлттық Банктің тиісті лицензиясында өзгеше көзделмесе, тауар (жұмыс, қызмет көрсету) экспорты күнінен бастап 180 күнтізбелік күн ішінде (тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жекелеген тауарлардың экспорты бойынша 365 күнтізбелік күн) уәкілетті банктердегі олардың банктік шоттарына е с е п т е л е д і .

Тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) аванстық төлемдерді қарастыратын импорт мәмілелері бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін резидент еместің пайдасына резидент аударған валютаны резидент емес тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызмет көрсету) бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда резидент алуға және Ұлттық Банктің лицензиясында өзге мерзім белгіленбесе, аударған күннен бастап 180 күнтізбелік күннен кешіктірмей уәкілетті банктердегі оның шотына есептелуге тиіс.

Кредит және/немесе инвестиция ретінде резидент заңды тұлғалар алған шетел валютасы, егер Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес резидент алған Ұлттық Банктің тиісті лицензиясында басқаша көзделмесе, уәкілетті банктегі осы Ережемен белгіленген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ олардың банктік есепшотына міндетті түрде аударылуға тиіс.

Жарғылық қызметі сыйға тарту, қайырымдылық, қайырымдылық жарналары және өзге де түсімдер ретіндегі қайырымдылық қызметтерді жүзеге асыруға бағытталған резидент заңды тұлғалардың пайдасына түскен шетел валютасы қолма қол, сол сияқты қолма қол жасалмайтын төлем тәртібімен де олардың уәкілетті банктегі есепшоттарына міндетті түрде есептеледі.

Басқа да резидент заңды тұлғалардың пайдасына сыйға тарту, қайырымдылық, қайырымдылық жарналары және өзге де түсімдер ретіндегі қолма қол жасалмайтын төлем тәртібімен түскен шетел валютасы да сол сияқты олардың

уәкілетті банктегі есепшоттарына міндетті түрде есептелуі тиіс.

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

17. Резидент заңды тұлғалар уәкілетті банктегі олардың есепшоттарындағы шетел валютасын Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына қайшы келмейтін мақсаттарға пайдалана алады.

18. Уәкілетті банк ақша төлеу мен аударуды резидент заңды тұлғалар тиісті түрде ресімделген құжаттарды (шарттарды, келісім-шарттарды, келісімдерді, инвойстарды, коносаменттерді және басқаларын) ұсынған жағдайда ғана жүзеге асырады .

Уәкілетті банктер Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының сақталуын тексеру мақсатында жүргізілетін валюта операцияларына қатысты қажетті ақпараттар мен құжаттарды қосымша сұратуға құқылы.

19. Резидент заңды тұлғалардың банктік есепшоттарынан қолма қол шетел валютасы резидент емес қызметкерлерге жалақы төлеу үшін және қызметкерлердің шет елдерге қызметтік іссапарларға баруына байланысты шығыстарға арнап алынуы мүмкін. Резидент заңды тұлғалар қолма-қол шетел валютасын алу үшін уәкілетті банкке тиісті түрде ресімделген құжаттарды (іссапар туралы бұйрық, іссапар шығыстарының сметалары, жалақы төлеу туралы өтініш және басқалар) ұсынуы тиіс.

Баламасы он мың АҚШ долларынан аспайтын мөлшердегі қолма-қол сомасы бір күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде іссапарда болғанда сатып алынған тауарларға ақы төлеу үшін резидент еместің пайдасына төлемдерді жүзеге асыру мақсатында резидент заңды тұлғаның банктік шотынан алынуы мүмкін. Іссапар мерзімі аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде заңды тұлға уәкілетті банкке алынған қолма-қол шетел валютасын пайдаланғанын растайтын құжаттарды (іссапар туралы бұйрық, Қазақстан Республикасының аумағына тауар әкелгенін растайтын кедендік құжаттар) ұсынады. Резидент заңды тұлғаның хаты қолма-қол шетел валютасын алуға негіздеме болып табылады .

Резидент заңды тұлғалар бұрын алған қолма-қол шетел валютасының жұмсалмаған бөлігі уәкілетті банктегі банктік есепшоттарға іссапар мерзімі аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде міндетті түрде есептеледі. Бұрын алынған қолма-қол шетел валютасын уәкілетті банктегі банктік есепшотқа есептеу жөніндегі міндет осы валютаны алған резидент заңды тұлғаға жүктеледі.

Ұлттық Банктің қолма-қол шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыруға берген лицензиясы бар резидент заңды тұлғалар уәкілетті банктердегі өздерінің банктік есепшоттарынан айырбас операцияларын жүргізу

үшін қолма-қол шетел валютасын алуына болады.

Ескерту: 19-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 24 қаулысымен, 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен.

20. Резидент заңды тұлғалар ішкі валюта рыногында тек қана мына мақсаттарға арнап:

резидент еместердің пайдасына төлем жасауға және ақша аударуға;
уәкілетті банктерден шетел валютасымен алынған кредиттер бойынша міндеттемелерді орындауға;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапар және өкілдік шығыстарына;

Ұлттық Банктің осы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерінде көзделген негіздер бойынша корпоративтік карт-есепшотты толтыруға;

жеке тұлғалардың шетел валютасымен салымдары (депозиттері) бойынша өтемдерді төлеуге (ұйымдар үшін жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) ұжымдық кепілдендіру (сақтандыру) бойынша);

қолма-қол шетел валютасымен айырбас операцияларын жасауға (Ұлттық Банктің қолма-қол шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыруға берген лицензиясы бар заңды тұлғалар үшін);

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларға арнап шетел валютасын ұлттық валюта үшін алуына болады.

Ескерту: 20-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен.

21. Резидент заңды тұлғалар ұлттық валютаға шетел валютасын сатып алуға өтініш ресімдеген кезде сатып алу мақсатын көрсетеді, сондай-ақ сатып алынатын шетел валютасына операциялар жүргізудің қажеттігін растайтын құжаттарды қоса береді және оны мақсаты бойынша пайдаланбаған жағдайда ағымдағы рыноктық бағам бойынша ұлттық валютаға осы валютаны сатуға банкке уәкілеттік береді.

Ескерту: 21-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен.

22. Резидент заңды тұлға сатып алған шетел валютасын толық немесе ішінара пайдаланбаған жағдайда оны сатып алған күннен бастап отыз күнтізбелік күн не іссапар аяқталған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін ұлттық валютаға міндетті сатуға жатады.

Резидент заңды тұлға ішкі валюта рыногында бұрын сатып алған шетел валютасын резидент еместің резидент алдындағы өз міндеттемелерін орындамауына не резидент төлем тапсырмасында қате деректемелер көрсетуіне

байланысты қайтарған жағдайда, ол резидент заңды тұлғаның банктік есепшотына есептелген күннен бастап он күнтізбелік күн өткенде ұлттық валютаға міндетті түрде сатылуы тиіс.

Ескерту: 22-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

22-1. Резидент заңды тұлғаның мемлекеттің кепілдігімен тартылған мемлекеттік емес сыртқы заем шарты бойынша төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін сатып алған шетел валютасы резидент заңды тұлға ашқан уәкілетті банктердегі арнайы есепшоттарға есептелуге тиіс. Осы есепшоттардағы шетел валютасын пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Ескерту: 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 24 қаулысымен .

23. Резидент заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарына және банк ісінде қолданылатын іскерлік айналым дәстүрлеріне сәйкес пайдаланылатын, есеп айырысудың аккредитивтік нысанын көздейтін келісім-шарттар бойынша резидент еместермен есеп айырысу үшін қажетті шетелдік валюта Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін бөлігінде аккредитивтік қолданылу мерзіміне сатып алынады. Резидент заңды тұлға шетел валютасын сатып алуға тапсырыс ресімдеген кезде банкті осы валютаны аккредитивті қолдану мерзімі аяқталған не есеп айырысу нысанын басқаша, ақша пайдалануды көздемейтін нысанға өзгерту күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде ағымдағы рыноктық бағам бойынша ұлттық валютаға сатуға уәкілетті етуі тиіс. Есеп айырысудың аккредитивті нысаны ақша пайдалануды көздейтін басқа нысанға өзгерген жағдайда ол резидент заңды тұлғаның ағымдағы есепшотына есептелуі (аударылуы) және осы Ереженің 22-тармағына сәйкес пайдаланылуы тиіс.

Ескерту: 23-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 24 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

24. Мұндай есеп айырысулар резиденттер мен резидент еместер арасында жасалған жағдайларды қоспағанда, ұлттық валютамен алынған кредиттерді, сондай-ақ ол бойынша сыйақылар мен басқа да төлемдерді шетел валютасымен өтеуге тыйым салынады.

25. Уәкілетті банктер резидент заңды тұлғаларға кредитті шетел валютасымен қолма қол жасалмайтын төлем тәртібімен ғана беруге құқылы.

Уәкілетті банктер резидент заңды тұлғаларға кепілдік берілген мемлекеттік кредиттер бойынша, сондай-ақ есеп айырысудың құжаттандырылған нысандарын қарастыратын мәмілелер жөніндегі кредиттер бойынша резидент

емес үшінші тұлғалардың шотына шетел валютасын есептеу арқылы кредиттер беруге құқылы.

Ескерту: 25-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен.

4. Уәкілетті банктердің резидент емес заңды тұлғалардың валюталық операцияларын жүргізуі

26. Резидент емес заңды тұлғалар валюта операцияларын жүргізу үшін уәкілетті банктерде банктік есепшоттар ашуға құқылы.

27. Дипломатиялық өкілдіктердің, консульдық мекемелердің, халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында аккредитивтелген оларға теңестірілген, ұйымдардың банктік есепшоттарының режимі халықаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес белгіленеді.

28. Резидент емес заңды тұлғалардың уәкілетті банктердегі банктік есепшоттарына Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген тәртіппен түсетін және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған ұлттық және/немесе шетел валютасы шектеусіз есепке алынады.

29. Резидент емес заңды тұлға уәкілетті банктердегі банктік есепшоттардағы ұлттық және/немесе шетел валютасын Қазақстан Республикасының валюта заңнамасына қайшы келмейтін мақсаттарға пайдалана алады.

Резидент емес заңды тұлғалардың банктік есепшотынан қолма-қол шетел валютасы өзінің қызметкерлеріне жалақы төлеуге және олардың іссапар шығыстарын төлеуге ғана алынады.

Уәкілетті банктер резидент емес заңды тұлғалардың банктік есепшотынан қолма-қол шетел валютасын тиісті түрде ресімделген құжаттарды (іссапар туралы бұйрық, іссапар шығыстарының сметасы, жалақы төлеу туралы өтініш және басқалары) ұсынған кезде ғана береді.

Резидент емес заңды тұлғалардың бұрын алған шетел валютасының пайдаланылмаған бөлігі олардың уәкілетті банктердегі банктік есепшоттарға міндетті түрде есептелуі тиіс. Бұрын алынған қолма-қол шетел валютасын уәкілетті банктердегі банктік есепшоттарға есептеу міндеті осы валютаны алған резидент емес заңды тұлғаға жүктеледі.

Осы тармақтың екінші, үшінші және төртінші азатжолдарында баяндалған нормалар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде белгіленген тәртіппен елшілік өкілдіктерге, консульдық мекемелерге, халықаралық ұйымдардың өкілдіктеріне және Қазақстан Республикасында аккредиттелген ұйымдарға теңестірілген өзге ұйымдарға қолданылмайды.

Уәкілетті банктер Қазақстан Республикасының валюта заңдарының

сақталуын тексеру мақсатында жүргізілетін валюта операциясына қатысты қосымша қажетті ақпаратты және құжаттарды талап етуге құқылы.

Ескерту: 29-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 24 қаулысымен .

30. Резидент емес заңды тұлғалар шетел валютасын Қазақстан Республикасының ішкі валюта рыногында сатып алуға құқылы.

31. Уәкілетті банктер резидент емес заңды тұлғаларға шетел және ұлттық валютамен кредиттер беруге құқылы. Шетел валютасымен және ұлттық валютамен кредиттер қолма-қол жасалмайтын төлем тәртібімен беріледі.

Резидент емес заңды тұлғаларға ішкі валюта рыногында шетел валютасын сатып алу үшін ұлттық валютамен берілген кредиттерді пайдалануға тыйым салынады .

Ескерту: 31-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

33-1. Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін ашылған резидент және резидент емес жеке тұлғалардың банктік шоттарын пайдалану режимі осы Ереженің 3 және 4-тарауларына сәйкес айқындалады.

Ескерту: 31-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

5. Уәкілетті банктердің резидент және резидент емес жеке тұлғалардың валюта операцияларын жүргізуі

32. Резидент жеке тұлғалар-резиденттер және резидент еместер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасына шетелден әкелінген, аударылған немесе жіберілген, Қазақстан Республикасының аумағында алынған немесе сатып алынған валюталық құндылықтарды ала алады, оларды уәкілетті банктерде сақтай алады және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған мақсатқа пайдалана алады.

33. Резидент және резидент емес жеке тұлғалардың қаражаты шектеусіз түрде осы Ережеде көзделген талаптарды ескере отырып және тәртіппен уәкілетті банктерге олардың банктік есепшотына есептелінеді және осы есепшоттардан алынады .

Ескерту: 33-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 24 қаулысымен .

34. Жеке тұлғалардың банктік шоттары бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты, сондай-ақ үшінші тұлға ретінде заңды тұлғалар арасындағы келісім-шарттарға ақы төлеу бойынша валюта операциялары жүргізілмейді.

Ескерту: 34-тармақ өзгертілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 24 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

34-1. Резидент және резидент емес жеке тұлғалардың баламасы он мың АҚШ долларынан аспайтын сомадағы және инвестицияларды жүзеге асыруға немесе жылжымайтын мүлікке құқықты сатып алуға байланыссыз төлемдер және/немесе ақша аударымдары төлемдер және/немесе ақша аударымының негізділігін растайтын құжаттарсыз банктік шоттар арқылы жүргізіледі.

Ақшаны аудару немесе алу кезінде жеке тұлға осы төлемдер және/немесе ақша аударымы кәсіпкерлік қызметпен, инвестицияларды жүзеге асыру не жылжымайтын мүлікке құқық сатып алуға байланысты емес екендігі туралы ж а з б а ж ү р г і з і л е д і .

Ескерту: 34-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

35. Жеке тұлғалардың банктік шоттар арқылы жүзеге асырылатын, баламасы он мың АҚШ долларынан аспайтын мөлшердегі валюта операциялары бойынша төлемдер және/немесе ақша аударымдарын уәкілетті банктер тиісті түрде ресімделген құжаттарды (шарттар, келісім-шарттар, келісімдер, инвойстар және басқалар) жеке тұлғалар уәкілетті банктерге ұсынған кезде ғана жүргізеді. Мұндай құжаттарды беру мүмкін болмаған жағдайда, уәкілетті банк жеке тұлға төлем тапсырмасына уәкілетті банкке олардың талап етуі бойынша құқық қорғау органдарына және Ұлттық Банкке жүргізілетін ақша төлемі және/немесе аударымы бойынша ақпарат беруге рұқсат беретін жазбалар жасаған кезде ғана төлем және/немесе ақша аударымын жүргізеді. Жеке тұлға күнтізбелік ай өткеннен кейін бір айдың ішінде баламасы елу мың АҚШ долларынан астам сомаға осы тармақта келісілген құжаттарды бермей-ақ төлем және/немесе ақша аударымын жүргізген кезде, уәкілетті банк күнтізбелік ай аяқталғаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде осы жеке тұлға (жіберушінің аты-жөні, бар болса - СТН) және ол өткізген төлем және/немесе ақша аударымы туралы ақпаратты Ұлттық Банкке беруге міндетті.

Уәкілетті банктер Қазақстан Республикасының валюта заңдарын сақтауды тексеру мақсатында салыстырмалы түрде өткізілген валюта операциялары туралы қажетті ақпаратты және құжаттарды қосымша талап етуге құқылы.

Ескерту: 35-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 24 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

36. Резидент және резидент емес жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының ішкі валюта рыногында шетел валютасын Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтай отырып, уәкілетті банктер арқылы шектеусіз түрде сатып алуға құқылы.

37. Резидент және резидент емес жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында тек уәкілетті банктер арқылы айырбас операцияларын жүргізу үшін,

өздерінің банктік есепшотын шетел валютасымен есептеу үшін, осы Ережеде көзделген жағдайларда банктік есепшот ашпай-ақ уәкілетті банктер арқылы ақша аударымын жүзеге асыру үшін, Ұлттық Банктің тиісті лицензиясы бар резиденттер сататын тауарларға және көрсететін қызметке есеп айырысу үшін қолма-қол шетел валютасын пайдалануға құқылы.

38. Уәкілетті банктер резидент және резидент емес жеке тұлғаларға шетел валютасымен және ұлттық валютамен кредиттер беруге құқылы.

Ескерту: 38-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

39. Резидент және резидент емес жеке тұлғалар уәкілетті банктерде банктік есепшот ашпай-ақ, бір жолғы ақша аударымы түрінде осы Ереженің 40 және 41-тармақтарында келісілген ағымдағы валюта операцияларын жүргізе алады.

40. Резидент және резидент емес жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында ұлттық валютамен жүзеге асырылатын бір жолғы ақша аударымы уәкілетті банктер арқылы шектеусіз Ережеде белгіленген талаптарды ескере отырып жүргізіледі.

Ескерту: 40-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 24 қаулысымен .

41. Резидент және резидент емес жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасынан немесе Қазақстан Республикасына, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі резидент жеке тұлғалардың пайдасына біржолғы аударымдарды уәкілетті банктер арқылы баламасы он мың АҚШ долларынан аспайтын мөлшерде жүзеге асыруға болады. Көрсетілген аударымдарды жеке тұлғалар бір операциялық күнде бір уәкілетті банк арқылы бір рет қана жүзеге асыра алады.

Осы тармақта көрсетілген аударымдар кәсіпкерлік қызметті, инвестицияларды жүзеге асырумен, жылжымайтын мүлікке құқық сатып алумен, тізбесі валюта заңдарында айқындалған капитал қозғалысына байланысты өзге де операцияларды жүргізумен, сондай-ақ үшінші тұлға ретінде заңды тұлғалар арасындағы келісім-шарттарға ақы төлеуге байланысты болуы тиіс емес.

Ескерту: 41-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

42. Жеке тұлғалар және оның уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасынан жіберілетін бір жолғы ақша аударымын және Қазақстан Республикасына аударылған бір жолғы ақша аударымын жеке басын растайтын құжат және ақша аударымына арналған тапсырма немесе ақша аударымын алуға арналған өтінішті берген кезде жүзеге асырады.

43. Қазақстан Республикасына жіберілетін ақша аударымына арналған тапсырыста мыналар көрсетілуі тиіс:

жіберушінің аты - жөні;
жіберушінің жеке басын растайтын құжат туралы мәлімет (номері, сериясы,
берілген күні және берген орган);
алушының СТН (егер алушы Қазақстан Республикасының салық заңдарына
сәйкес салық төлеуші болып табылатын болса);
алушының деректемелері (егер алушы заңды тұлға болса);
алушының аты-жөні (егер алушы жеке тұлға болса);
қызмет етуші банктің деректемелері;
аударым сомасы және аударымның мақсаты;
күні және жеке адамның қолы.

Жіберуші Қазақстан Республикасынан жіберілетін ақша аударымына арналған тапсырыста осы ақша аударымның кәсіпкерлік инвестицияларды жүзеге асырумен, жылжымайтын мүлікке құқық сатып алумен немесе капитал қозғалысына байланысты өзге де операциялармен, сондай-ақ үшінші тұлға ретінде заңды тұлғалар арасындағы келісім-шарттарға ақы төлеумен байланысты қызметпен байланысты емес екендігін растайтын жазу болуы тиіс.

Қазақстан Республикасынан жіберілетін ақша аударымына арналған тапсырыста көрсетілген деректердің дұрыс болуы бойынша міндеттеме ақша жіберушіге жүктеледі.

Ескерту: 43-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 24 қаулысымен, 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен.

44. Қазақстан Республикасына аударылған ақшаны алуға арналған өтініште мыналар көрсетілуі тиіс:

алушының аты - жөні;
алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер (номері, сериясы, берілген күні және берген орган);
алушының РНН (егер алушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық төлеуші болған жағдайда);
аударым сомасы;
жіберушінің аты - жөні;
күні және жеке тұлғаның қолы.

Қазақстан Республикасына шет елден аударылған ақшаны алуға арналған өтініште алушы осы аударымның шет елдегі кәсіпкерлік инвестицияларды жүзеге асырумен, жылжымайтын мүлікке құқық сатып алумен немесе капитал қозғалысына байланысты өзге де операциялармен, сондай-ақ үшінші тұлға ретінде заңды тұлғалар арасындағы келісім-шарттарға ақы төлеумен байланысты қызметпен байланысы жоқ екенін растайтын жазба жасауы тиіс.

Қазақстан Республикасына аударылған ақшаны алуға арналған өтініште

көрсетілген шынайы деректерді ұсыну міндеті ақша алушыға жүктеледі.

Ескерту: 44-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 24 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

45. Жеке тұлға осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынбаған жағдайда немесе ұсынған жағдайда уәкілетті банк бір жолғы аударым жасауға немесе бір жолғы аударым бойынша ақша беруге құқылы емес.

46. Бір жолғы аударымды алушының келмеуіне байланысты жеке тұлғаға шет елден аударылған ақшаны беру мүмкін болмаған жағдайда, уәкілетті банк корреспондент-банкке ақша келіп түскен күннен бастап 180 күн өткеннен кейін ақшаны қайтарады.

6. Валюта құндылықтарын әкелу және әкету

47. Резиденттер және резидент еместер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтаған жағдайда Қазақстан Республикасына валюта құндылықтарын шектеусіз әкеледі.

48. Резиденттер және резидент еместер Қазақстан Республикасынан ұлттық валютаны шектеусіз әкетеді.

Ұлттық Банк эмиссиялаған және заңды төлем құралдары болып табылатын қымбат металдан жасалған металл ақша Қазақстан Республикасына еркін әкелінеді және әкетіледі.

48-1. Резидент жеке тұлғалар баламасы он мың АҚШ долларынан аспайтын мөлшердегі қолма-қол шетел валютасын әкетілетін қолма-қол шетел валютасының қайдан алынғандығын растайтын құжаттар ұсынбай Қазақстан Республикасынан әкете алады.

Резидент жеке тұлғаларға баламасы он мың АҚШ долларынан асатын мөлшердегі қолма-қол шетел валютасын осы Ереженің 48-2 тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат берілмейді.

Резидент емес жеке тұлғалар баламасы үш мың АҚШ долларынан аспайтын мөлшердегі қолма-қол шетел валютасын әкетілетін қолма-қол шетел валютасының қайдан алынғандығын растайтын құжаттар ұсынбай Қазақстан Республикасынан әкете алады.

Резидент емес жеке тұлғаларға баламасы үш мың АҚШ долларынан асатын мөлшердегі қолма-қол шетел валютасын осы Ереженің 48-2 тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат берілмейді.

Ескерту: 48-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

48-2. Резидент және резидент емес жеке тұлғалар осы Ереженің 48-1 тармағында көрсетілген сомалардан басқа кедендік заңдардың талаптарын сақтаған кезде Қазақстан Республикасына әкелінгенін растайтын кеден декларациясында көрсетілген сома шегінде Қазақстан Республикасына бұрын әкелінген қолма-қол шетел валютасын Қазақстан Республикасынан әкетуге қ ұ қ ы л ы .

Ескерту: 48-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

49. Резидент және резидент емес жеке тұлғаларының баламасы үш мың АҚШ долларынан аспайтын мөлшердегі қолма-қол шетел валютасын Қазақстан Республикасынан әкетуі Қазақстан Республикасының кеден органында жазбаша декларациялауға жатпайды .

Резидент және резидент емес жеке тұлғаларының баламасы үш мың АҚШ долларынан асатын мөлшердегі қолма-қол шетел валютасын әкетуі Қазақстан Республикасы кеден органында міндетті жазбаша декларациялауға жатады.

Ескерту: 49-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

50. Номиналдық құны (номиналы) шетел валютасында көрсетілген төлем құжаттарын (вексельдер, чектер, оның ішінде жол чектері) Қазақстан Республикасынан әкету жазбаша декларациялауға жатпайды және шектеусіз жүзеге асырылады .

Ескерту: 50-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 256 қаулысымен .

51. Тармақ алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 24 қаулысымен .

52. Нақты құны (номиналы) шетел валютасымен көрсетілген бағалы қағаздарды әкету Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасымен реттеледі.

53. Валюта құндылықтарын әкелу мен әкетуді кедендік ресімдеу тәртібін Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы белгілейді .

7. Валюталық бақылау

54. Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместері валюта операцияларын жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету валюталық бақылаудың мақсаты болып табылады.

55. Валюталық бақылаудың негізгі бағыттары мыналар:

клиенттердің тапсырмасы бойынша, сол сияқты өздері жүргізетін валюта операцияларының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуін және оларды жүзеге асыруға қажетті құжаттардың болуын анықтау;

валюта операциялары бойынша төлемдердің заңдылығын және негізділігін

т е к с е р у ;

валюта операциялары бойынша есепке алу мен есеп берудің толық болуын және объективтілігін тексеру.

56. Валюталық бақылау органдары мен агенттері өз құзыреті шегінде резиденттер мен резидент еместердің Қазақстан Республикасында жүргізетін валюта операцияларына осы операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, Ұлттық Банктің лицензиялары мен тіркеу куәліктерінің талаптарына сәйкес келу бөлігінде бақылау жасауға міндетті.

57. Валюталық бақылау органдары өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер шығарады, анықталған жөнсіздіктерді жою жөнінде талаптар ұсынады және Қазақстан Республикасында барлық резиденттер мен резидент еместер орындауға міндетті болып табылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да шаралар қолданады.

58. Валюталық бақылау органдары мен агенттері валюталық бақылауды жасаған кезде Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүзеге асыратын резиденттер және резидент еместер:

валюталық бақылау органдары жүргізген тексерулердің нәтижелері туралы анықтамалармен және көрсетілген анықтамалар негізінде жасалған жөнсіздіктер туралы хаттамалармен танысуға;

Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіппен валюталық бақылау органдары мен агенттерінің іс-әрекеттеріне шағым жасауға;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

59. Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүзеге асыратын резиденттер мен резидент еместер Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіппен:

валюталық бақылау органдары мен агенттеріне валюта операцияларын жүзеге асыруға қатысты барлық сұратылатын құжаттар мен ақпаратты ұсынуға;

валюталық бақылау органдарына олардың тексеру жүргізуі барысында өз үй-жайларына, құжаттарға және автоматтандырылған деректер базасына кіруді қамтамасыз етуге;

валюталық бақылау органдарына олардың тексеру жүргізуі барысында, сондай-ақ олардың нәтижелері бойынша түсініктер беруге;

Қазақстан Республикасының заңнамасы басқа мерзімді белгілемеген жағдайда жүргізілетін валюта операциялары бойынша олардың сақталуын кемінде бес жыл қамтамасыз ете отырып есепке алуға және есеп беруге;

валюталық бақылау органдарының талаптарын (нұсқауларын) орындауға;

Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы белгілеген басқа да талаптарды орындауға.

8. Осы Ережені бұзу жауапкершілігі

60. Осы Ережені бұзу жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к і

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК